

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 16 мамырдағы № 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 21 мамырда № 36135 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 154 Бұйрығымен
бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация

министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7020 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу тәртібін айқындайды.";

1-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) теміржолдар (бұдан әрі – жолдар) – жылжымалы құрамның орын жүзеге ауыстыруы асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері (магистральдық, станциялық, кірме жолдар), мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдар,";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жолдар кластары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 42 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6785 болып тіркелген), Теміржолдарды сыныптау қағидаларына сәйкес белгіленеді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Аралықтар мен станциялардағы барлық құрылыстар мен құрылғылар Қазақстан Республикасының техникалық пайдалану қағидаларында белгіленген нормалар мен рұқсаттарға сәйкес ұсталады (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген).".

2. "Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 334 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11602 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында:

1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-11) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың салдарынан адамның қаза болу және (немесе) жылжымалы құрамның мүкаммалдан шығарып тасталатын дәрежеге дейін зақымдалу жағдайлары апатқа жатады.";

13. Теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың салдарынан адамның денсаулығына ауыр зиян келтірілу және (немесе) жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде зақымдалу жағдайлары аварияға жатады.";

14. Теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, сондай-ақ жылжымалы құрамның бағдаршамның тыйым салатын сигналына өтіп кету не поезды қабылдау-жөнелту маршрутына кетіп қалу, бірақ апат немесе авария салдары жоқ жағдайлар оқиғаларға жатады.";

15-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда апатқа, аварияға және оқиғаға әкеп соқпаған, тізбесі теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалған жол жүрісі қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары оқыс оқиғаларға жатады.";

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жылжымалы құрамның станциялардағы, кірме жолдардағы теміржолдардағы шектік бағанадан асып іргелес аралыққа, станциядан аралыққа немесе аралықтан станцияға кетуі, бірақ осы Қағидалардың 12, 13 және 14-тармақтарында көрсетілген салдардың болмауы;"

22) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22) магистральдық, станциялық, кірме жолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол жолдарында адамды басып кету жағдайы;

23) магистральдық, станциялық, кірме жолдарда және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол жолдарында малды басып кету салдарынан поездан ағытылуы талап етілетін жылжымалы құрамның бүлінуі;"

43-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Магистральдық, станциялық және кірме жолдарда және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша теміржолдарда жүк вагоны арбашығының құйма бөлшектерінің омырылуы (жарылу) себебінен жол берілген қауіпсіздікті бұзу жағдайында, Ұлттық инфрақұрылым операторы:"

3. "Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 34-12) тармақшасына сәйкес әзірленді және темір жол көлігін техникалық пайдалану тәртібін белгілейді.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Ұлттық инфрақұрылым операторы және теміржол иесі пойыздардың үзіліссіз қозғалысын ұйымдастыруға арналған жағдайларды қамтамасыз етеді.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Қар жинағыш және қар тазалағыш техниканы орналастыру жоспарын, қармен күресудің жедел жоспарын тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторы мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарттары бойынша теміржол жолдарының иесімен қысқы маусым басталғанға дейінгі үшінші тоқсаннан кешіктірмей бекітіледі.";

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Магистральдық және станциялық жолдардың, сондай-ақ Ұлттық инфрақұрылым операторына және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесіне тиесілі теміржол кірме жолдарының жоспары мен бейіні кезең-кезеңімен аспап арқылы тексеріліп отырады.

Жолдардың жоспары мен бейінін аспап арқылы тексеру, тиісті техникалық құжаттаманы дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ станциялардың масштабтық және схемалық жоспарларын жасау тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторына және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесіне жүктеледі.";

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Сұрыптау, учаскелік және жүк станцияларындағы сұрыптау дөңестерінің, дөңесасты және пішінделген тартымдық жолдардың бойлық бейіндерін үш жылда кемінде бір рет тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторы және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесі тексереді. Барлық станциялардың станциялық жолдарының қалған ұзындығында бейін он жылда кемінде бір рет тексеріледі.

Басты жолдардың бойлық бейін аспап арқылы тексеру жолдарды күрделі және орташа жөндеу кезеңінде жүргізіледі. Жолдың жоспары мен бейінінің өзгеруіне алып келетін қайта құру жүргізілетін магистральдық және станциялық жолдардың учаскелерін жұмысты орындаушылар жұмысты аяқтаған соң тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторына немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесіне тиісті құжаттаманы ұсына отырып, тексереді.

Станция аумағында жаңа объектілер салған, қолда барларын кеңейткен немесе басқа орынға ауыстырған кезде осындай жұмыстарды орындайтын кез келген ұйым қолданыстағы станцияның дамуына объектінің байланыстырылуын белгілейтін орындаушылық құжаттаманы дереу Ұлттық инфрақұрылым операторына немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесіне береді.";

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Инженерлік коммуникация, құбыржолдар, өтпе, байланыс желісі, электр беруді, мұнай құбыржолдары, газ құбыржолдарын, сондай-ақ олардың теміржолмен қиылысатын объектілерді немесе олардың өте жақын орналасқан жолақ бұрамасының шегінде орналасқан құрылыстарды орналастыру, салу және пайдалану шарттары оған тапсырыс беруші мен тиісінше Ұлттық инфрақұрылымның операторы немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесі арасындағы шарт бойынша анықталады.";

208-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"208. Автоматика және телемеханика құрылғылары бойынша үлгілік техникалық шешімдерді тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша темір жол иесі бекітеді. Автоматика және телемеханика құрылғыларында үлгілік емес техникалық шешімдерді қолдануға рұқсат етілмейді.";

227-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"227. Жылжымалы құрамның төбесіндегі жабдықтар қарап тексерілетін жолдардағы түйіспелік желісінің және жарақтау құрылғыларының ажыратқыштарын ауыстырып қосуды техникалық байқау пунктінің жауапты қызметкерлері жүргізеді.

Магистральдық және станциялық жолдарда айырғыштарды, ажыратқыштарды ауыстырып қосу тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторының (энергодиспетчердің) немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесінің жауапты қызметкерінің бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.";

229-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"229. Электрмен жабдықтау және байланыс желілерін жобалау, салу, қайта жаңарту, жаңғырту кезінде байланыс желісінің, автоблоктау желілерінің және бойлық электрмен жабдықтау желілерінің схемасы сәйкесінше Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарттары бойынша теміржол жолдарының иесімен бекітіледі.";

254, 255 және 256-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"254. Бір жолды учаскеде жұмыс жүргізу үшін аралықты, ал қос жолды немесе көп жолды учаскеде бір немесе бірнеше жолды жабу егер ол көршілес теміржол ұйымдарымен белгіленген қозғалыс мөлшерлерінің өзгеруіне алып келмесе, тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесінің рұқсатымен жүргізіледі. Егер мұндай жабу ТМД елдерінің көршілес темір жолдарына белгіленген пойыздар қозғалысы мөлшерлерінің өзгеруіне алып келсе, оған басқа темір жол әкімшіліктерімен келісу рұқсат беріледі.

255. Жеке жолды учаскеде аралықты, ал қос жолды немесе көп жолды учаскеде бір немесе бірнеше жолды жабу туралы кем дегенде бір тәулік бұрын жұмыстардың тиісті басшылары хабардар етіледі. Аралықты немесе жолдарды жабу және ашу жұмыстарды бастау алдында және жұмыстар аяқталғаннан кейін пойыз диспетчерінің бұйрығымен жүргізіледі.

Жұмыстар жұмыс басшысы аралықтың немесе жолдардың жабылғаны туралы жауапты қызметкердің (пойыз диспетчерінің) тиісінше Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесінің ақпаратын (жазбаша хабарлама, телефонхат немесе жеделхат нысанында) алған соң және жұмыс орындары сигналмен қоршалғанға дейін жүргізіледі.

256. Аралықты немесе жолдарды ашу жол жұмыстарының немесе жасанды құрылыстардағы жұмыстардың аяқталғандығы және пойыздардың толассыз және қауіпсіз қозғалуы үшін кедергілердің жоқ екендігі туралы телефонхатты немесе жеделхатты бұл жұмыстарды қандай ұйымның орындағанына қарамастан жол шаруашылығы кәсіпорыны басшысының немесе ол уәкілеттік берген лауазымы жол шеберінен төмен емес қызметкердің жазбаша хабарламасынан, телефонхат немесе жеделхатынан кейін ғана жүргізіледі.

Қолданыстағы автоматика, телемеханика және телекоммуникация немесе электрмен жабдықтаудың құрылғыларының жұмысын қалпына келтіру тиісінше жауапты қызметкерден (автоматиканың, телемеханиканың және телекоммуникацияның аға электр механигінен немесе энергодиспетчерден), Ұлттық инфрақұрылым операторынан немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол иесінен хабарлама алғаннан кейін жүргізіледі."